Мұнайлы Өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№ 08 (24), маусым, 2011 жыл



# «Алау» балалар лагерінде алғашқы жаздық маусымның салтанатты ашылуы өтті

## НӨМІРДЕ ОҚЫҢЫЗДАР:

БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ 3

ОҢ БАҒЫТТАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР! 4

РОДИТЕЛИ И ДЕТИ: ВМЕСТЕ К ПОБЕДАМ! 5

ЖАНСАЯ ӘБДІМӘЛІК – ӘЛЕМНІҢ ҮШ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ! 6

# ҚҰРМЕТТІ ЖЕТІБАЙ ЖӘНЕ ҚАЛАМҚАС КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясының Жетібай мен Қаламқас кен орындарында жұмыс жасайтын қызмет көрсетуші (сервистік) компанияларды сатып алу мәселесі шешілді. Бұл өте бір ерекше, теңдесі жоқ шешім, өйткені бұған дейін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы сервистік компанияларды сатып алған емес. Бұған бұрынғы иегерлер мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясының басшылығы тараптарынан жүргізілген үлкен дайындық жұмыстарының нәтижесінде қол жетті. Аталмыш шешімге не себеп болды?

Бірінші себеп - сервистік компанияларды қысқа мерзімде қайтадан жарақтандырып, жаңа техника мен технологияларды енгізу қажеттілігі. Сервистік серіктестіктерде өндіріс тиімділігін арттыру, ескірген жабдықтарды жаңалау, осы жаңа жабдықтарда жұмыс жасайтын қызметкерлердің біліктілігін көтеру олардың бәсекелестік қабілетін едәуір арттырары сөзсіз. Жаңа техникалары мен шыңдалған қызметкерлері бар біздің сервистік мекемелер алдағы уақытта «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамынан тыс маңғыстау өңіріндегі басқа да мұнай өндіруші компанияларға да қызмет көрсететін болады.

Мұндай шешімге барудың тағы да бір себебі – ол әлеуметтік мәселелер. Сервистік серіктестіктерде Маңғыстау облысының 10 мыңға жуық тұрғындары жұмыс жасайды. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясының құрамына өту еңбек ақы төлеуге, әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерге, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға байланысты мәселелердің біртіндеп шешілуіне ықпал етеді.

Осы алдымызға қойған мақсаттарға жету біздерден бар күш-жігерлерімізді біріктіруді талап етеді. Сондықтан үш тарап: «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы және сервистік компаниялардың еңбек ұжымдары жұмысқа жұмыла кіріскен жағдайда ғана таяу уақытта алда тұрған міндеттерімізді ойдағыдай жүзеге асыра аламыз. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы жаңа жабдықтарға қосымша қаражат іздестіруге байланысты мәселелерді шешеді. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы өз тарапынан жұмыс көлемі бойынша бұрын келісілген шарттарды ұстанады. Ал сервистік компания қызметкерлері түпкі мақсатына, яғни сервистік қызмет көрсету аясында бәсекелестікке қабілетті жағдайға жету үшін бар күштерін салуға тиіс.

Бүлдіргіш күштердің, арандатушылардың ықпалына түсіп, заңсыз наразылық акцияларына қатысушы қызметкерлердің жағдайлары, оларға деген жанашырлық сезім тудырады. Барлығымыз мойындауға міндетті Қазақстан Республикасының заңнамалары бар екенін, даулы мәселелерді бірлесіп шешу керектігін, қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасында сындарлы сұқбат болуы қажет екенін естен шығармағанымыз жөн. Бәрімізде мұнайшымыз, сондықтан мұнай өндіру нысандарын бір сәтке тоқтатудың өзі технологиялық режимнің бұзылуына әкеліп соқтыратынын жақсы білеміз. Технологиялық режимді қайтадан қалпына келтіру қосымша материалдық шығындар мен қаражатты талап етеді. Сондай-ақ оның салдарынан еңбек ақы төлеу проблемалары туындайды, әлеуметтік жағдай төмендейді, ұжымда наразылық өрістейді. Өкінішке орай, біз Қаражанбас пен Өзендегі келеңсіз жағдайлардың куәсі болып отырмыз.

Сондықтан, біріншіден, өз отбасымыз, тумаластарымыз бен ағайындарымыз, әріптестеріміз алдында азаматтық жауапкершілік танытуға тиіспіз. Заңсыз наразылық акцияларын қолдауға шақырушылардың сөзіне құлақ аспай, саналылық көрсетіп, жағдайды керісінше ушықтырмай реттеуге, мәселелерді заңды жолмен шешуге ықпал жасау қажет. Бұған 2010 жылдың жаз айлары үлгі бола алады. Мәселен, сол кезде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының екіжақты комиссиясының үйлесімді жұмыстарының нәтижесінде Ұжымдық шарт туындады. Оған еңбек қатынасындағы екі тараптың – жұмыс беруші мен қызметкерлердің күш-қайратының арқасында, сындарлы сұқбат және шыдамдылық негізінде қол жетті. Бір-бірінің пікірін тыңдамаған, мойындамаған жағдайда бір шешімге келу мүмкін емес және мұндай жағдайда ешкім жеңіске жете алмайды. Тек заңнамада белгіленген шеңберде ғана сұқбаттасу арқылы белгілі бір нақты нәтижеге жетуге болады.

Заңсыз наразылық акцияларына шақырушылардың жетегінде кете беруге болмайды. Әрқайсымыз ойланбай айтқан кез келген сөздің, негізсіз мәлімдемелердің немесе әріптестердің ортасында ұран тастаудың ұжымдағы жағдайды ушықтырып жіберуі мүмкін екенін түсінуге тиіспіз. Әркімнің «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мен сервистік компаниялардың мыңдаған ұжым мүшелері алдында өз әрекеттерінің теріс әсерлері үшін тікелей жауапты екенін ұмытпай, барлық қимылдарын заңға сәйкес жасағаны жөн болар.

Маңғыстау мұнайының 50 жылдық мерей тойы жылында мұнайшыларымыз саналылық, азаматтық жауапкершілік танытады, қазақстан экономикасының көш бастаушысы, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы, ең жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізеді деген сенімдеміз. Біздің ырыс-берекеміз өз қолымызда екенін дұрыс түсіне отырып, өзара қарым-қатынасымызды заңды жолға қоюға міндеттіміз. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, біз бар күш-жігерімізді біріктіре отырып, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мен өзіміздің сервистік компанияларымызды дамудың жаңа сапалық деңгейіне жеткізе аламыз.

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ**
**Бас директоры**
**Ә.М.Мағауов**

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас**
**директорының бірінші орынбасары**
**Сунь Синъюнь**

**Сервистік ЖШС бақылау**
**кеңесінің төрағасы**
**С.Е.Қырымқұлов**

# УВАЖАЕМЫЕ РАБОТНИКИ МЕСТОРОЖДЕНИЙ ЖЕТЫБАЙ И КАЛАМКАС!

Настоящим сообщаем, что завершена сделка по приобретению НК «КазМунайГаз» сервисных компаний, осуществляющих деятельность на месторождениях Жетыбай и Каламкас. Эта сделка является беспрецедентной, уникальной, так как до этого НК «КазМунайГаз» не приобретал сервисные компании, и стала возможной в результате большой подготовительной работы со стороны прежних владельцев и руководства НК «КазМунайГаз». Что послужило основанием для заключения данной сделки?

В первую очередь, понимание необходимости в кратчайшие сроки провести техническое перевооружение сервисных компаний, внедрить современные технологии. Повышение эффективности производства требует масштабной модернизации устаревшего оборудования в сервисных ТОО. Оснащение сервисных компаний современным оборудованием, повышение квалификации персонала, который будет работать на новом оборудовании, значительно повысит конкурентоспособность сервисных компаний. В перспективе наши сервисники, обладая современной техникой и обученным персоналом, смогут оказывать услуги не только «Мангистаумунайгаз», но и другим нефтедобывающим компаниям в регионе, возрастет конкурентоспособность. Нас ожидает переход на новое качество работы.

Основанием для сделки также является и социальная составляющая. В сервисных ТОО работает около 10 тысяч жителей Мангистауской области. Переход в состав «КазМунайГаз» будет способствовать постепенному решению вопросов, связанных с оплатой труда, социальными гарантиями и льготами, повышением квалификации персонала.

Достижение всех этих целей требует от нас консолидации усилий. Только совместной работой трех сторон: НК «КазМунайГаз», АО «Мангистаумунайгаз» и трудового коллектива сервисных компаний мы сможем решить стоящие перед нами в ближайший период задачи. НК «КазМунайГаз» будет решать вопросы, связанные с изысканием дополнительных средств на новое оборудование. АО «Мангистаумунайгаз» со своей стороны будет придерживаться ранее достигнутых договоренностей по объемам работ. Работники сервисных компаний во главе с руководством должны будут приложить все усилия для реализации конечной цели – стать конкурентоспособными в сфере оказания сервисных услуг.

Вызывает сочувствие положение работников, поддавшихся на деструктивные уговоры, провокации, и участвовавших в незаконных акциях протеста. Мы должны понимать, что есть законодательство РК, которого мы обязаны придерживаться, и всячески способствовать налаживанию конструктивного диалога между работниками и работодателями. Все мы нефтяники и понимаем, что любая приостановка работы объектов нефтедобычи грозит привести к нарушению технологического режима. Восстановление режима требует дополнительных материальных затрат и средств. Как следствие, возникают проблемы с выплатой заработной платы, ведут к ухудшению социальных условий, росту напряженности в коллективе. К сожалению, все мы являемся свидетелями подобных явлений в Каражанбасе и Узене.

Поэтому необходимо проявить гражданскую ответственность в первую очередь перед своими родными и близкими, семьями, своими коллегами. Несмотря на высказывания и призывы поддержать незаконные акции протеста, проявить сознательность, и наоборот, всячески способствовать урегулированию ситуации, переводу в конструктивное, процессуальное русло. Примером этому может служить ситуация лета 2010 года, когда в результате работы двусторонней комиссии в АО «Мангистаумунайгаз» был выработан Коллективный договор. Это потребовало усилий обоих сторон трудовых отношений – и работодателя и работников, но в целом результат был достигнут на основе конструктивного диалога и компромисса сторон. В условиях неприятия мнений невозможно достичь результата, и в этом случае ни одна из сторон не может быть победителем. Только путем диалога в рамках установленного законодательства можно достичь определенного результата.

Нельзя идти на поводу безответственных призывов к акциям протеста. И каждый из нас должен понимать, что любое необдуманное, необоснованное высказывание или призыв в кругу коллег может привести к обострению ситуации в коллективе. Надо понимать, что каждый несет персональную ответственность перед многотысячным коллективом «Мангистаумунайгаз» и сервисных компаний за возможные последствия своих действий и должен соотносить их с законом.

В год празднования 50-летия Мангистауской нефти выражаем уверенность в том, что в среде нефтяников возобладают трезвый ум и гражданская ответственность, и локомотив казахстанской экономики сможет добиться самых высоких производственных результатов. Наше благополучия на нашей ответственности, и мы, понимая это, должны уметь строить взаимоотношения в правовом поле. Совместными усилиями мы сможем вывести наши сервисные компании на качественно новый уровень развития!

**Генеральный директор**
**АО «Мангистаумунайгаз»**
**А.М.Магауов**

**Первый заместитель**
**генерального директора**
**АО «Мангистаумунайгаз»**
**Сунь Синьюнь**

**Председатель наблюдательного**
**совета сервисных ТОО**
**С.Е.Крымкулов**

# БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ!

**1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күнінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қалыптасқан дәстүр бойынша 10 жылдан астам уақыт көмек көрсетіп келе жатқан облыстық мамандандырылған Балалар үйінің тәрбиеленушілерімен кездесті. Балалар мерекесі сый-сияпатсыз өткізілуі мүмкін емес. Сондықтан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері балаларға әртүрлі сыйлықтар ұсынды, компанияның Бас директоры Әсет Мағауов Балалар үйінің басшылығына 500 000 теңге сомасында чек тапсырды. Жалпылай алғанда, Халықаралық балаларды қорғау күнінде сондай-ақ, «Облыстық отбасылық үлгідегі балалар ауылы» ММ, «Маңғыстау облыстық мүгедектер қоғамы» және «Маңғыстау облыстық балалар психоневрологиялық интернат-үйіне» компания тарапынан жалпы сомасы 1 750 000 теңге материалдық көмек көрсетті.**






Балалар үйі тәрбиеленушілерімен кездесу кезінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Мағауов Әсет Маратұлы бұл күн ең алдымен, үлкендерге балалардың өмір сүру құқығын сақтауды, олардың ой-пікір бостандығын, білім алуға, демалуға, психологиялық және физикалық тұрғыдан қысым көрмеуіне ескерту үшін арналған күн деп айтты.

Біздің армандарымыз бен үміттеріміз, жақсы және қайырымды істеріміз, сүйіспеншілік пен қуаныш – осының барлығы балалармен байланысты, - деп атап өтті Ә.Мағауов. – Біз олардың өмірлері қызыққа толы, бақытты әрі табысты болғанын қалаймыз. Сондықтан да біздің басты міндетіміз - дені сау салауатты ұрпақ өсіру, әрбір баланың құқығын қорғау, оларды зұлымдықтан сақтау, және бар назарымыз бен қамқорлығымызды арнау. Құрметті жас достар, мен сіздерді шын ниетіммен Балаларды қорғау күнімен құттықтаймын, көтеріңкі көңіл-күй тілеймін, ал үлкендерге айтарым – айрықша маңызды өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде табыстар тілеймін.

Қоғамымыздың жас мүшелеріне қамқорлық таныту, жастармен жұмыстарды ұйымдастыру – бүгінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ зор мән беріп отырған мәселелер болып отыр.

10 жылдан аса уақыт бойы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жергілікті Балалар үйіне материалдық көмек қолын созып келеді, яғни ай сайын мекеменің шотына жеміс-жидектер мен көкөністер сатып алуға 127 500 теңге аударады. Сондай-ақ, жыл сайын компания балалар мекемесінде тәрбиеленуші жетім балаларды жазғы-сауықтыру лагерлеріне жолдамалар алып беру (2 млн. 250 мың теңге), сонымен қатар, оқу жылының басында облыстық отбасылық үлгідегі балалар ауылына демеушілік көмек (500 000теңге), Аққұдық елді мекеніндегі жартылай орта мектепке де оқу жылының басында демеушілік көмектер көрсетуді жүзеге асырады (750 000 теңге).

Компания басшылығы мен ұжымы дені сау, ақылды, үлгілі жас ұрпақты тәрбиелеп шығаруға мүдделі. Әр баланың өмірін қуанышқа бөлеп, бақытты ету – өз қолымызда!

**Есназар Сұлтанов**

# КӨМЕК ҚАШАН ДА КЕЛЕДІ!

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшылары Батыс Қазақстан облысындағы су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсетті**

**Батыс Қазақстан облысында орын алған қайғылы оқиға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымын да бей-жай қалдырмады. Мұнайшылар су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету қорына 5 млн. 330 мың теңге аударды.**

- Жерлестерімізге көмек көрсету бастамасын қызметкерлеріміздің өздері көтергеніне өте қуаныштымыз, – дейді Жетібай кенорнындағы әлеуметтік мәселелер жөніндегі топтың жетекші маманы Көкшеев Бердіғали. – Мұнайшылар өз тараптарынан бұл қайғылы оқиғаға белсенді көмек көрсетуді қолға алды.

- Біз, бір елдің азаматтары ретінде бір-бірімізге қолдау білдіруіміз қажет, - деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ экономисі Семчев Георгий. – Жақындарым мен отандастарым алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып, зардап шеккендерге көмектесу - парызым деп шештім. Мен бұл арқылы өзімнің шетте қалмағанымды, көмектің қашан да болса келетінін, біздің күшіміз – бірлікте, достықта және өзара көмекте екенін көрсеткім келді!

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлері, олардың жанұя мүшелері, аймақ тұрғындары және бүкіл қоғам алдында жоғары әлеуметтік жауапкершілік саясатын ұстанады. Компанияның әлеуметтік саясаты кәсіпорын дамуы жоспарының ажырамас бөлігі болып табылады. 2010 жыл ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға жалпы сомасы 5 миллиардтай теңге бөлді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әлеуметтік бағдарламаларының көлемін үнемі ұлғайтады әрі олардың орындалу тиімділігін бақылауда ұстайды. Біз өңірде тек мұнай мен газ өндіріп қана қоймаймыз, сондай-ақ облысымыз бен еліміздің дамуы мен гүлденуіне көрнекті үлес қосудамыз!

**Есназар Сұлтанов**

# КӨҢІЛДІ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

**Жазғы демалыстар – балалардың ең жақсы көретін маусымы, асыға күтетін жыл мезгілі. Сондай-ақ, жазғы кезең тек балалар үшін ғана емес, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ сәйкес бөлімдерінің қызметкерлеріне де қауырт жұмыс кезеңі десек қателеспейміз. Әлеуметтік бөлім қызметкерлері әрбір баланы өздеріне арналған сауықтыру орындарына жолдамамен қамтамасыз етуі тиіс, ал жазғы лагерлердің басшылары мен ұжымы балалардың демалыстарын есте қаларлықтай әсерлі өткізіп, жоғары деңгейде ұйымдастырулары қажет.**



Қалыптасқан дәстүр бойынша маусым айының басында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы балалар сауықтыру «Алау» лагерін санитарлық тазалау мен жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстарға қатысып келді. Бұдан бұрынғы кездері сенбіліктерге тек ӨӨМжД қызметкерлері ғана қатысатын болса, бұл жолы барлық департаменттер мен қызметтердің қызметкерлері және компанияның басшылығы да белсене жұмыс жасады.

- Сенбілікке 250-ден астам адам қатысты - деді ӨӨМжД өндіріс-техникалық қызметінің басшысы Епен М. – Лагердің барлық аумағында 50 түп ағаш отырғызылды, 25 тоннадан астам қоқыс шығарылды, хауыз толықтай дайын болды. Қызметкерлер сенбілікке барлық күш-жігерін салып қатысқанын да атап өтпеске болмас.

Бұл атқарылған жұмыстарды балалар 15 маусым күні бағалауға мүмкіндік алды, яғни «Алау» демалушылардың алғашқы легін, 240 баланы қабылдап алды.

Ал 21 маусым күні «Алау» балалар сауықтыру лагерінде бірінші жазғы маусымның салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Маусымның ашылумен балаларды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Рзаханов А.К., кәсіподақ орынбасары Масатов С құттықтап, балаларға лагерде уақыттарын жақсы өткізулерін және жақсы көңіл-күй тіледі.

-Сендердің өте жақсы демалуларыңа «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ барлық жағдайды жасап отыр, – деді Рзаханов А.К. – Өткен жылы біз лагерде тамаша хауыз салған болатынбыз, осындай игі жұмыстар алдағы уақытта өз жалғасын таба бермек. Сендер уақыттарыңды тиімді өткізіп, жақсы демалады және өз мүмкіндіктерің мен дарындарыңды көрсетіп, жаңа достар табады деп сенемін. Сіздерді тағы да лагердің жазғы маусымының басталуымен құттықтаймын!

Балалар да қарап қалған жоқ, осы жазғы маусымның ашылуына арнап концерттік бағдарлама қойып берді. Сапқа тұрып, жетекшілерінің баянхат беруінен кейін, Қазақстан Республикасының Туын салтанатты көтеру рәсімі болды. Сонан соң қонақтарға арнап балалар концерттік бағдарламасын жалғастырды. Балалардың ашылу салтанатына тыңғылықты дайындалғаны көрініп тұрды. Балалар әртүрлі әндер, тақпақтар, күйлерді орындап, билер биледі. Сондай-ақ, қазақтың ұлттық салты «беташар» қойылымын да балалар асқан шеберлікпен орындады! Ашылу салтанатының соңында «Алау» лагерінің әнұраны орындалып, алау жағылды.

Енді 15 күн аясында балалар спорттық және мәдени-ойын-сауық бағдарламалары – кіші футболдан, баскетболдан, волейболдан турнирлер, қызықты әрі танымдық фильмдер көру, әртүрлі интеллектуалды сайыстар, музыкалық конкурстар, би кештері және т.б нәрселерге қатысатын болады. Балаларға құрамында жеміс-жидектер, көкеністерімен қатар бай менюі бар 5 уақыттық тамақ ұйымдастырылған. Жаз бойына мұнда компания қызметкерлерінің 960-тан астам балалары демала алады.

Демалыстың барлық кезеңінде балаларға «Алау» лагері алты жылдан бері әріптестікте болып келе жатқан Маңғыстау гуманитарлық колледжінің тәрбиешілері қарайтын болады.

Бір сөзбен айтқанда, «Алау» лагерінде демалыс үшін барлық жағдай жасалған – жайлы тұрғын корпустары, жоғары деңгейлі тамақтану мүмкіндігі және балаларға арнайы таңдалған ұқыпты тәрбиешілер.

Жазғы демалыстардың тез өтіп кететіні ғана өкінішті...

**Есназар Сұлтанов**



# ОҢ БАҒЫТТАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР!

## 2011 жылы Қаламқаста қызметкерлерге арналған жаңа екі жатақхана салынатын болады

**Мұнайшылардың еңбек және тұрмыс жағдайларын жоспарлы түрде жақсарту – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ даму Стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Компания қауіпсіз әрі жабдықталған еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, қызметкерлердің тұрмыс жағдайларын жақсарту және оларды кәсіби оқыту бағытында ірі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда. Атап айтар болсақ, ағымдағы жылы Қаламқас кенорнында екі жаңа жатақхана салынатын болады, «Ақтау-Қаламқас» автожолын жөндеу жұмыстары жалғасады, Жетібайдағы орталық асханалардың бірін үлкейту жоспарлануда, осы және өзге де жаңалықтар туралы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Күрделі құрылыс департаментінің директоры Зейнолла Ещанов кеңірек әңгімелеп берді.**

Қаламқастағы әрбіреуі 25 орынға есептелген екі жатақхана жобасын «Ақтауазамжоба» ЖШС-і жасап шығарды. Қазіргі уақытта құрылысты жүргізу үшін тендер жариялауға тендерлік құжаттар әзірлену үстінде. Жатақханалар әрбіреуі 13 бөлмеден тұратын бір қабатты ғимарат болмақ. Әрбір екі адам тұруға арналған бөлмелерде бөлек құбыр жолдары мен кондиционер, сондай-ақ, пластикалық терезелер орнатылатын болады. Сонымен қатар, ғимараттарда демалуға, вахтерға арналған бөлмелер, ауысымды аяқ-киімдерді сақтайтын орындар да қарастырылған. Дайын жатақханаларды осы жылы пайдалануға беру көзделіп отыр.

- Құрылыс жұмыстарының жүрісін техникалық қадағалау қызметі бақылауда ұстайтын болады, - дейді З.Ещанов. – Біздің мамандар жұмыстар мен материалдардың сапасын үнемі назарда ұстайды. Ғимараттарды салып болған бойда, оларға ескі жатақханаларда тұратын жұмысшыларды көшіретін боламыз, және шұғыл түрде босаған жатақханаларды күрделі жөндеуден өткізуге кірісеміз. Осы жылы күрделі жөндеуден төрт жатақхананы өткізу жоспарланып отыр. Бірақ, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту осымен ғана шектелмейді: 2015 жылға дейін жаңа 10 жатақхана тұрғызу жоспарлануда.

Сондай-ақ, З.Ещановтың айтуы бойынша ағымдағы жылы спорт кешенінің құрылысын бастау жоспарда тұр. Жоба да, барлық құжаттар да барлығы дерлік дайын. Бұл спорт кешенінде шағын-футболдан, баскетболдан, волейболдан жарыстар өткізілетін болады және аэробика мен жаттығу залы, әкімшілік-шаруашылық блог та қарастырылған. Көрермендерге арналған 250 орындық трибунаны да атап өткен жөн. Спорт кешенді 2012 жылдың бірінші жартысында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

«Ақтау-Қаламқас» автожолын жөндеу жұмыстарына айрықша мән берілуде.

-Автожолды жөндеуге арналған қаражаттарға 500 млн. теңге бөлінді, - дейді З. Ещанов. – Осы жылы жөндеуді Қаражанбастан Қаламқасқа дейін жүзеге асырамыз. Өте қатты зақымдалған жерлерге жаңа асфальт төселетін болады.

Осындай үлкен құрылыстар Жетібай кенорнында да күтілуде. 250 орындық асхана салу жоспарда. Жоба дайын, қазіргі уақытта сараптамадан өту үстінде. Жақын арада тендер жарияланып, содан соң құрылыс та басталады. Нысан пайдалануға 2012 жылдың бірінші жартысында берілуі тиіс. Сондай-ақ, келесі жылы МГӨЦ-2 250 орындық асхана, және МАжӨЦ 75 орындық асхана салу да жоспарланған.

Аталған нысандарды уақытылы салып, пайдалануға беру мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын айтарлықтай деңгейде жақсартуға алып келеді деп сенеміз.

**Есназар Сұлтанов**

Қауіпсіздік қызметі хабарлайды

# ТӘРТІП - БАСТЫ НАЗАРДА!

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қауіпсіздік қызметінің қолданып жатырған шараларына қарамастан ұрлаумен, бұзушылықтармен, еңбек тәртібін сақтамау сияқты бұзушылықтар орын алуы тоқтар емес. Ал жақында өте сорақы жағдай орын алды. Қаламқас кенорнында тексеріс кезінде «ОСК» ЖШС қызметкерлерінің бірінен есірткі заттары (марихуана) табылған...**

## Қаламқас

7 мамыр күні Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері №9 жатақхананың алдынан «ОСК» ЖШС-нің жұмысшылары 1989 ж.т Т және 1983 ж.т Б деген азаматтарды ұстады. Полицияның учаскелік бөлімінде жеке тексеру кезінде аз. Т-ның сырт киімінің қалтасынан пакеттегі есірткі табылып, алынды. Жауап алу кезінде ол вахтаға есірткіні өзі пайдалану үшін әкелгенін жасырмады, бірақ бұл оны жауапкершіліктен құтқармайды. Қазіргі уақытта бұл азаматқа сөгіс жарияланып, сыйақысы 100 пайызға қысқартылды. Бірақ, тек бұл ғана емес, алдағы уақытта бұл азаматтың ісі сотта қаралатын болады.

***

10 мамыр күні №29 ұңғының ауданындағы МГӨЦ-3 аумағында, жол сөмкесінде «Хаома» (екі бөтелке) спирттік ішімдіктері бар ҒЗжӨЖЦ қызметкері аз. Б ұсталды. Ол спирттік ішімдіктерді Ақтау қаласында алғанын және кенорнына өзі ішу мақсатында әкелгенін жеткізді. Ал 13 мамыр күні кешке №1 жатақхананың дәлізінде «Қаламқасмұнайгаз» ПҚЖПЦ қызметкерлері темір ұстасы аз.К және тазалаушы аз. Б мас күйінде ұсталды. Медициналық куәландыру ұсталғандарда жеңіл және орта дәрежедегі масаңдық бар екенін анықтады.

***

24 мамыр күні түн ортасында «Қаламқасмұнайгаз» МГӨЦ-2 71-топтық қондырғыдан 300 метр қашықтықтағы қоршау жанынан «ОСК» ЖШС иелігіндегі үш автокөліктің жүргізушілері 200 литрлік 4 металл ыдысқа дизель отынын құйып жатқан жерінен ұсталды. Сондай-ақ, автокөліктен «Парламент» маркалы 2 қорап спирттік ішімдіктер де табылды. Ал қоршаудың арғы бетінен рөлін басқарушы өзін Коля деп таныстырған жүргізушінің мемлекеттік нөмірі жоқ жеке УАЗ автокөлігі табылды. Оның айтуы бойынша 2 жәшік спирттік ішімдіктерді С. деген азаматтың әрбіреуін 500 теңгеден сатып алам деген сұранысы бойынша әкелгенін жеткізді. Ал С. деген азаматтың қай жерде жұмыс істейтінін білмейтінін айтты.



Дизель отынының 800 литрін құйып үлгерген қызметтік автокөліктің үш жүргізушісіне келер болсақ, олар осы Коляның солярка құйылған ыдыстарды кенорыннан жырақ алып кету керек екенін түсіндірді. Ауысым аяқталғаннан кейін олар дизель отынын алып кетуге ниеттенген. Тексеріс кезінде барлық жүргізушілер өз еріктерімен жұмыс орындарын тастап, белгіленген маршруттан ауытқығандары анықталды.

## Жетібай

8 мамыр күні шаралар өткізу кезінде «Жетібаймұнайгаз» ӨБ МГӨЦ-3 әкімшілік ғимараты жанынан «Тойота-Камри» маркалы жеке автокөлік табылды. Аталған автокөлік «ОТК» ЖШС ЖКТБ К. деген қызметкерінің меншігінде екені белгілі болды. Осы әрекеті арқылы ол Қоғамның №834-П бұйрығына қарсы келіп, яғни кенорнына жеке көлікпен келуге болмайтын ережені бұзған.

***

11 мамыр күні сағ. 11-00 шамасында түскен ақпардан соң, «Жансая» жихаз дүкенінің жанынан Я. деген азамат жүргізген «УАЗ-39094» қызметтік көлігі ұсталды. Кейін мәлім болғанындай, дәл осы уақытта «Жетібаймұнайгаз» ӨБ МЛТЖжТУ қызметкері А. Дүкен ішінде жихазға несие рәсімдеп жатқан. Осы арқылы ол лауазымын асыра пайдаланып, қызметтік көлікті жеке мақсатта пайдаланған.

Қабылданған шаралар нәтижесінде аз. А-ға ауызша ескерту берілді.

***

22 мамыр күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ №6 қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімінің асханасында болуы мүмкін ұрлық туралы келіп түскен ақпаратты тексеру барысында, кіріс есігінен үш метр жерде қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімінің жүкшісі аз. У., жалпы салмағы 8 кг тартатын құс етімен ұсталды. Ол аталған құс етін өндіріс меңгерушісі Д. сыртқа шығаруға беріп жібергенін жеткізді. Осылайша қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімінің қызметкерлері азық-түлік ұрлауды жүзеге асырып жүрген. Қабылданған шаралар нәтижесінде Д. лауазымы төмендетілді.

Орын алған оқиға бойынша азық-түліктерді сақтау мен қозғалысына бақылау жүргізілді. Тексеріс нәтижесінде азық-түліктердің жалпы сомасы 5732 теңгеге артық шыққан және 10 619 теңгеге кемшіліктер табылды. Қазіргі уақытта, бұл кемшіліктердің орны толтырылды.







**P.S. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қауіпсіздік қызметінің тобы өндірістік басқармалардың және ЖШС басшыларынан еңбек тәртібін бұзғандарға уақытылы және қатаң шаралар қолдануды сұрайды. Жауапқа алмаушылық жаңа құқықбұзушылықтар мен қылмыстарға жол ашады, сондықтан қызметкерлер арасында нақты үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, бақылау мен тәртіпті нығайтуымыз қажет. Тәртіп бұзушылықтар арқылы тек жұмыстан ғана емес, бас бостандығынан да айрылып қалуға болатынын есте ұстаған жөн!**

**Есназар Сұлтанов**

# РОДИТЕЛИ И ДЕТИ: ВМЕСТЕ К ПОБЕДАМ!

**Наверное, каждый родитель во всем мире мечтает о том, чтобы его ребенок стал знаменитым, единственным и неповторимым, добился общественного признания и любви, вырос яркой и неординарной личностью, стал творцом своей жизни. Но для того, чтобы этим мечтам было суждено осуществиться недостаточно лишь «не мешать» - родители должны принимать активное участие в творческом развитии малыша. И пройдет немало времени, прежде чем бутон раскроется и задатки превратятся в способности и таланты. В сегодняшнем номере газеты «Мұнайлы Өлке» мы расскажем о наших коллегах и их детях, которыми родители без преувеличения могут гордиться!**

Коныс и Дина Естековы. Коныс работает слесарем-ремонтником Базы производственного обеспечения ПУ «Жетыбаймунайгаз» (стаж 28 лет), Дина – уборщиком производственных помещений. Костековы воспитывают троих дочерей. Самая старшая – Молдир – гордость семьи! 22-летняя Молдир окончила Казахскую национальную академию искусств имени Т. Жургенова по специальности «актер драматического театра и кино». В настоящее время является актрисой Казахского государственного академического театра для детей и юношества имени Габита Мусрепова. Дебют Молдир пришелся на трагедию Г. Мусрепова «Ақан серi – Ақтоқты». Причем Молдир исполняла роль главной героини спектакля – Ақтоқты. Критики единодушно признали дебют молодой актрисы весьма и весьма успешным. Этот успех окрылил талантливую актрису. Молдир блестяще сыграла роль Шолпан в спектакле, поставленном по произведению Мухтара Ауэзова «Айман-Шолпан». А совсем недавно Молдир участвовала в съемках художественного фильма Рустама Абдрашова о детстве и юности первого Президента РК Нурсултана Назарбаева – «Небо моего детства».





- Молдир с раннего детства мечтала стать актрисой, - рассказывает Коныс Естеков. – Наверное, - это во многом связано с тем, что ее бабушка по материнской линии отлично исполняла казахские народные песни и кюи. Дочь сама решила стать актрисой, и когда окончательно укрепилась в выборе профессии, то мы, конечно же, оказывали ей всяческую поддержку. Каждый ребенок рождается с определенными способностями и задача родителей помочь детям раскрыть свой потенциал. Всегда нужно смотреть, чем занимается ребенок, чем он больше всего интересуется, что у него лучше всего получается. Если же ребенку трудно определиться с выбором, родители должны ему в этом помочь, оказать ненавязчивую поддержку. И тогда он будет вам благодарен, почувствует, что не тратит силы и время на все сразу и впустую и будет идти к своей цели более уверенно.

В прошлом году Молдир вместе с однокурсниками – студентами академии искусств им. Жургенова приняла участие в двух фестивалях – Детей и молодежи в Эскишехире и Международном театральном – в Анкаре. В фестивалях также участвовали ребята из Болгарии, России, Голландии, Румынии, Франции и Турции. Казахстанские студенты представили спектакль «Айман-Шолпан» и на обоих фестивалях завоевали главнее призы! А также специальный главный приз «За лучший спектакль» от международной организации ТЮРКСОЙ.

Дочь руководителя группы по содержанию зданий ДАВиСР АО «Мангистаумунайгаз» Елены Емельяновой – Сабина Рамазанова – в свои 17 лет уже известная в Актау художница. Недавно в картинной галерее «Алем» прошла персональная выставка Сабины, на которой были представлены портреты, натюрморты и анимэ. Среди тех, кто пришел полюбоваться картинами начинающего мастера, разочарованных не было. Талант Сабины оценили все.





Сабина родилась в Алматы, в Актау ее семья переехала, когда девочке исполнилось пять лет, а рисовать она начала в три года. Вскоре родные и близкие поняли, что Сабина не просто рисует, а рисует очень хорошо, и старались всячески помочь раскрыть способности девочки.

- Сабина окончила детскую художественную школу, - рассказывает Елена Каликановна. – Она самого детства мечтала заниматься живописью, в школе она постоянно рисовала, была автором различных картинок в стенгазету. Конечно же, я всегда старалась поддержать ее, помочь. Я считаю, что своего ребенка надо любить, относиться к нему адекватно, правильно оценивать его способности. А если видишь, что ребенок талантлив, то необходимо обязательно помогать ему, развивать свои способности.

Владелец галереи «Алем», известный казахстанский художник Айтбай Кулбай сказал про Сабину следующее: «Девочка очень талантливая и трудолюбивая. Я ее знаю давно. Раньше Сабина занималась у нас в студии. Она часто приходила в галерею, приносила свои работы. Я смотрел, как растет ее художественное мастерство. И недавно понял, что Сабина достигла того уровня, когда ее картины можно показать публике. Ее портеры великолепны! Если Сабина и дальше будет работать с таким старанием, то из нее получится хороший художник».

На вернисаже в адрес молодой художницы было сказано немало теплых слов. Лейтмотивом всех высказываний была мысль: «Как хорошо, что в Актау живет такая замечательная девочка. Как хорошо, что есть молодежь, которая будет воспевать красоту родной земли и живущих здесь людей». Сюжет о персональной выставке Сабины Рамазановой показали по телеканалу «Хабар», так что теперь о нашей одаренной землячке знают не только в Актау, но и по всей стране!





Скажите, кто в Актау не знает о суперпопулярном дуэте «А-Лау»? Лаура Артелбек и Актоты Ажигулова – совсем еще юные, но с внушительными результатами: сплошные Гран-при и первые места на международных конкурсах. Гран-при на международном фестивале «Музыкальная радуга» (2005 год. Россия), Гран-при на международном конкурсе «Зажги свою звезду» (2006 год. Россия), 1 место на международном конкурсе «Нота по нота» (2007 год. Болгария), Гран-при на международном конкурсе «Мы – дети солнца» (2007 год. Актау), Гран-при на международном фестивале «Золотая пчелка» (2008 год. Беларусь) и др. Однако, настоящая слава к дуэту «А-Лау» пришла в конце 2008 года, после блестящей победы в престижном международном конкурсе «Детская Новая волна» в Москве.

С тех пор, жизнь девушек расписана буквально по часам: занятия, съемки, опять занятия, концерты, перелеты, переезды и т.д.

Интересно, что сначала девушки выступали сольно. Объединить Лауру и Актоты в дуэт решила творческий руководитель девушек Ольга Хныкина. И как видим, не прогадала!

- Я считаю, что если у вашего ребенка есть способности, то родителям надо сделать все возможное, что помочь раскрыть потенциал детей, - говорит мама Лауры Калдыгуль Жакулаева инспектор по кадрам отдела кадрового делопроизводства ДУЧР АО «Мангистаумунайгаз». – Мало кто знает, как в свое время мне приходилось заниматься с Лаурой. Она приходила со школы ко мне на работу, ждала пока наступит обеденный перерыв, потом я ее отводила в хореографическую школу и т.д. Было очень непросто, пока все дети играли во дворе, у нее были сплошные занятия. И еще нам очень повезло с учителем. Ольга Хныкина помогла раскрыть способности девочек, всячески их поддерживала, учила всем премудростям эстрадной песни.

Отрадно отметить, что в этом году дуэт «А-Лау» вновь выступит в финале международного конкурса «Новая волна», но теперь уже среди взрослых. Конкурс отмечает свой десятилетний юбилей, и за все эти годы на его сцену еще никогда не поднимались участницы столь юного возраста – Актоты – 16 лет, а Лауре только исполнится 18. Сначала наши землячки, вместе с еще шестью конкурсантами успешно прошли сквозь сито национального отборочного тура в Астане. А затем из всех казахстанских претендентов жюри в Москве отобрало «для Юрмалы» только их дуэт. А какие у них были соперники! 150 человек со всех стран СНГ! В итоге в финале конкурса «Новая волна», который пройдет в Юрмале в конце июля примут участие 16 конкурсантов самых талантливых, самых достойных, в том числе и дуэт «А-Лау». Это уже большая победа! За каждым успехом, за каждой победой дуэта, стоит не всем видимый колоссальный труд самих девочек, тех, кто с ними работает и, конечно же, родителей.

Остается только пожелать дуэту «А-Лау» успешного выступления на международном конкурсе, достойно представить Казахстан и вернуться с победой!

*Есназар Султанов*

# БІЗДІҢ СҮЙІКТІ ДӘРІГЕР

**Қаламқас кенорнындағы дәрігерлік амбулаторияның дәрігері Федор Пирогов туралы бір үзік сыр**



**17 маусым күні елімізде ақ халатты абзал жандардың кәсіби мерекесі кеңінен аталып өтті. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік компаниясының медицина қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтай отырып, оларға зор денсаулық, мол табыс, жұмыстарына сәттілік тілейміз!**

Геннадий 1965 жылы Қызылорда облысы Арал қаласында дүниеге келген екен. Әкесі ауыл шаруашылығы қажетіне су іздеген гидрогеолог, шешесі медицина қызметкері. 1982 жылы мектеп бітірген Геннадий дәрігер мамандығын таңдап, Ақтөбе медицина институтына оқуға түсті.

1989 жыл. Әлемдегі тұңғыш комунистік мемлекет, көлемі жағынан да аса ірі ел – Кеңестер Одағының ыдырау алды, ел ішін бей-берекетсіздік жайлап, тұтастай бір ұлттар мен ұлыстардың сергелдеңге түскен кезі. Біздің кейіпкеріміз дәл осы жылы Ақтөбе медицина институтын тамамдап, болашаққа жолдама алмақшы. Бұрынғыдай қатып қалған «распределение» жоқ. Қайда барам десең де өз еркің. Балалық шағын Арал теңізінде өткізген Геннадий Каспий жағалауын таңдады, жас дәрігердің аңсары оның жағасындағы ақшаңқан қала Ақтауға ауған болатын. Жастық пен албырттыққа саяси өзгерістер түк те әсерін тигізе алмады. Оның үстіне көп ұзамай жас жігіт Ақтаудан өзінің өмірлік жолдасын тапты, отбасы болды, одан дүниеге нәресте келді.

1989 жылдың шілдесінде ол ештеңеге қарайламай, дипломы қолына түскен бойда Ақтауға келді. Екі жыл Геннадий Ақтаудың орталық ауруханасында дәрігер-терапевт болып жасайды. 1990 жылы ол Қаламқас кенорны амбулаториясына ауысады да, содан бергі 21 жылдан аса уақыттан бері Геннадий Пирогов бір орнында тапжылмай дәрігерлік қызмет атқаруда. Осы уақыт ішінде оның дәрігерлік тәжірибесі шыңдалып, бүгіндері ол өз ісінің майталман шебері болды десек артық айтпағанымыз. Талай кәсіби шеберлігін арттыру курстарынан да өтті.

Қаламқас Ақтау қаласынан 270 шақырым қашықтықта , жалпы елді мекендерден жырақ орналасқан кенорын. Оның бір қиындығы осы. Сондықтан мұндағы дәрігерлік қызметтің де өзіндік ерекшелігі бар.

– Біздің қызметкерлер ылғи да бәріне дайын болуы тиіс, өйткені қандай да бір қиын жағдай бола қалса, алғашқы көмекті өздеріміз көрсеткен жағдайда да, жақын маңайда тез жеткізе қоятын аурухана жоқ, – деп сыр шертеді дәрігер жігіт. – Амбулаториямыз екі қабатты жағдайы жасалған ғимаратта орналасқан. Қызметкерлеріміздің жататын орны да осында. Сонда тәулік бойы оларды қызмет орнынан табасыз. Қиын жағдайларда, егер де мамандардың консультациясы керек бола қалған жағдайда, қалаға шығатын байланыспен қамтамасыз етілгенбіз. Қалаға телефон шалып, қажетті ақпаратымызды алаламыз.

Амбулаторияның жұмысына келетін болсақ, дәрігерлер амбулаториялық көмектен бөлек ҚР денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтарына сәйкес аусым алды тексерулерін өткізеді, нысандардың санитарлық жағдайын тексереді, оқыс жағдайларда ауырғандарға және зардап шеккендерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсетеді. Осындай мақсатта амбулаторияда палаталар, изолятор, интесивті терапия палатасы, жараны танатын бөлме бөлінген. Қажет болғанда ауру адам Ақтау ауруханасына «Жедел жәрдем» машинасымен және дәрігер немесе фельдшерді қасына ерттіріп жөнелтіледі.

Қаламқас кенорнының техникалық жабдықталуы жыл өткен сайын күрделене түсуде, онымен қоса өндірістік жарақат алудың да өсетіні анық. Бірақ, Геннадийдің айтуы бойынша, жылдан жылға сондалықты ауыр жарақаттар азайып, қазірлері амбулаторияға қызметкерлер тек жай, қарапайым тұрмыстық жарақаттармен ғана келеді екен.

– Мұның өзі өндірістік техника қауіпсіздігі қызметінің, мекеме басшылығының ойдағыдай жұмыс жасауының нәтижесі деп білемін. Өйткені ауыр жарақат алған жағдайда бұл туралы мекеме басшылығы хабардар етіліп, болған оқиға жан-жақты талқыланып, оның бүкпешегіне дейін зерттеледі. Әрине ауыр жарақат алудың азаюы сондай-ақ жұмыс және тұрмыстық жағдайлардың жылдан-жылға жақсаруынан да деп білуге болады, – дейді Геннадий.

Қаламқастың бас дәрігері Геннадий Пирогов қарамағындағы қызметкерлерге: «Өз денсаулықтарыңа берік болыңдар, денсаулыққа зиян келтіретін жаман әдеттерден құтылғандарың абзал» деп кеңес береді.

– Қазақта мақал бар: «Ауруын жасырған өледі»деген. Сондықтан да айтарым, денсаулықтарыңнан секем алған бойда тексерілген дұрыс. Көп адам қаралуға ұялып, ауруын жасырады. Дер кезінде қаралмаса, ауру асқынып кетуі мүмкін, – деп кеңес береді Геннадий.

Геннадийдің жұбайы Елена да мұнай фирмасында жасайды. Мәскеуде химия-технология институтын бітірген ол қазір Доңғадағы мұнай мекемесінде лаборатория бастығы. Қыздары Ресей халықтар достығы университетінде студент. Берекелі, ұйыған отбасының ендігі арманы – қыздарының Қазақстанға қайтып келіп, жақсы маман болса екен дейді.

Қаламқас кенорны қызметкерлерінің тән дауасы – дәрігерлік амбулатория дәрігерлеріне одан әрі де табысты еңбек тілейміз! Сау-саламатты болайық!

**Тойған Тасқынбаева**

# ЖАНСАЯ ӘБДІМӘЛІК – ӘЛЕМНІҢ ҮШ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ!



Қазақстандық шахмат патшайымы – Жансая Әбдімәлік үшінші рет әлем чемпионы атағын жеңіп алды! Поляктың Краков қаласында оқушылар арасында өткен әлем чемпионатында Жансая 11 жасқа дейінгі қыздар арасындағы жас категориясында 9 мүмкіндіктен 8,5 ұпай жинап, турнир аяқталғанға бір тур қалғанда оның жеңімпазы болып танылды. Осылайша, жас вундеркинд өзінің чемпиондық атағын үшінші рет жеңіп алып, өз жасындағы әлемнің ең мықты шахматисі екендігін дәлелдеді.

Сарапшылар Жансаяның Польшадағы біріншіліктегі өнер көрсетуін керемет деп бағалады! Турнир барысында қазақстандық шахматшы өткен жылғы әлем чемпионатының барлық жүлдегерлерін, Европа мен Азияның чемпиондарын, сондай-ақ Солтүстік және Оңтүстік Американың чемпионын кезекпе-кезек ұтты.

Еске саламыз, Жансая әлемдік шахмат тәжін алғаш рет 2008 жылы Вьетнамда киіп, Қазақстан тарихында тұңғыш әлем чемпионы атанған еді. Екі жыл өткен соң Әбдімәлік табысын қайталап, 9 партияда 9 жеңіске жетіп, Түркиядағы әлем чемпионатында бас жүлде алды!

Барлық отандық және халықаралық тунирлерде Жансая Әбдімәлік «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ логотипімен шығады. Аймақтың мұнай өнеркәсібі көшбасшыларының бірі – «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы талантты спортшының бас демеушісі болып табылады.

– Әрдайым көңіл бөліп, көмек көрсеткені үшін «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына шын жүректен алғысымызды білдіргіміз келеді,- дейді Жансаяның әкесі Данияр Әшіров. – Біз Жансаяның тамаша нәтижелерге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тарапынан көрсетілген демеушілік қолдаудың арқасында қол жеткізе алғанын түсінеміз. Өкінішке қарай, тіпті талантты балалардың да өз қабілет-қарымын тиісті қаржы қолдауынсыз танытуына мүмкіндік бола бермейді. Сондықтан біз сіздің үлгіңіз басқа компаниялар үшін де өнеге болады деп ойлаймыз.

**Есназар Сұлтанов**

**Жансая Әбдімәлік 2000 жылдың 12 қаңтарында Алматы қаласында дүниеге келді. Оны шахматқа баулыған әкесі Данияр Әбдімәлікұлы Әшіров (спорт шеберлігіне кандидат). Қыз бала өзінің дарынын ерте таныта білді, оған Жансаяның төмендегідей табыстары айғақ бола алады:**

**2006 жыл. Қараша. 6 жасар Жансая өзінің алғашқы табысына қол жеткізіп, Алматы қаласында өткен чемпионатта 8 жасқа дейінгі қыздар арасында шахматтан өткен чемпионатты жеңіп алады .**

**2007 жыл. Қаңтар. Жансая ҚР чемпионатына тұңғыш рет қатысып, 9 мүмкіндіктен 8,5 ұпай жинап, 1-орынды жеңіп алады!**

**2007 жыл. Маусым. Жансая Украинада өткен халықаралық турнирде алтын медальді жеңіп алады.**

**2007 жыл. Маусым. Жансая біліктілікті көтеретін турнирде бі-рінші орын алып, бірінші разрядтың нормасын орындайды. Бұл жетістігі - 7 жаста!**

**2007 жыл. Қараша. Түркияда өткен чемпионатта 4-орын алады. Медаль алуға оған бар болғаны жарты ұпай жетпей қалды.**

**2008 жыл. Қаңтар. Алматыда өткен чемпионаттағы жеңіс.**

**2008 жыл. Наурыз. 10 жасқа дейінгі қыздар арасындағы ҚР чемпионаты. 9 жасар Жансая «Классика», «Рапид» және «Блиц» номинациялары бойынша алтын медальді иеленіп, абсолютті чемпион атанады!**

**2008 жыл. Шілде. Ирандағы Азия чемпионаты. Жансая «алтынды» иеленіп, қазақстандық шахмат тарихындағы ең жас чемпион атанды!**

**2008 жыл. Қазан. Әлем чемпионаты. Вьетнам. Жансая 11 мүм-кіндіктен 10 ұпай жинап, Қазақстан тарихындағы алғашқы Әлем Чемпионы атанды!**

**2009-2010 жыл. 2009 жылдың ақпанынан бастап Жансая ер балалар арасындағы ресми турнирлер мен ересектер арасындағы халықаралық турнирлерге қатысады.**

**2010 жыл. Шілде. 7-17 жас аралығындағы оқушылар арасында Түркияда өткен әлем чемпионаты. Жансая 9 ойында 9 ұпай жинап, екінші рет Әлем Чемпионы атанды!**

**2010 жыл. Қазан-қараша. Грекиядағы жасөспірімдер арасын-дағы әлем чемпионаты. Жансая бірде-бір партияда ұтылмай, жеңімпазға тек қосымша көрсеткіштер бойынша ғана сәл алдырып, күміс жүлдегер атанады.**

**2011 жыл. Мамыр. Польшадағы әлем чемпионатындағы жеңіс!**

**Жансаяның арманы екі әлемдік рекорд жаңғырту: әлемдік шахмат тарихындағы ең жас халықаралық гроссмейстер атану(бұл рекордқа 12 жас 7 айында Сергей Карякин қол жеткізген) және әйелдер арасындағы әлем чемпионы атағын жеңіп алу(бұл рекордқа М.Чибурданидзе 17 жасында қол жеткізген).**

**Маңғыстаулық жас каратисттер Францияның астанасы – Парижден балалар, жас өспірімдер, кадеттер және юниорлар арасындағы еуропа Кубогінен керемет нәтижелермен оралды. Беделді жарысқа 15 елден келген 300 спортшы қатысты, олардың ішінде Франция, Голландия, Болгария, Қазақстан және т.б.**

# МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР ПАРИЖДІ ТАҢ ҚАЛДЫРДЫ!




- Барлық командалар өте жақсы дайындалған, - деп айтып өтті кекушинкай-каратеден ҚР федерациясының президенті Мұхтар Жолдасов. – Бірақ маңғыстаулық және қарағандылық спортшылар кірген қазақстандық құрама өз беделін еуропалық деңгейде көрсете алды.

Алтын медальді Нұржан Жолдасов және Азамат Жұлдызбай еншіледі (Ақтау). Сонымен қатар, Азамат үздік спортшы атанды. Ол төрт жекпе-жекке қатысып, төртеуінде де қарсыласын нокаутқа жіберіп жекпе-жекті мерзімінен ерте аяқтады. Күміс жүлдегерлер Нұржан Тәжіков (Ақтау), Өміржан Бек (Жаңаөзен) және Майра Бұхарбаева (Ақтау), «қола» Бауыржан Тәнібергеновке (Ақтау) бұйырды.

- «Маңғыстамұнайгаз» АҚ спонсорлық көмек көрсеткені үшін үлкен алғысымды айтамын, - деді Майраның анасы Бижамал Ізмұрат. – Компания тарапынан болған мықты қолдаудың арқасында жарысқа өте жақсы дайындалып Парижге бара алдық.

-Біз үшін бұл үлкен жеңіс, өйткені біз алғаш рет Еуропа кубогіне қатыстық, - деп өз кезегінде Мұхтар Жолдасов айтты. – Спортшылар тәлімгерлерінің үміттерін ақтады, үлкен абыроймен барлық қиындықтарды жеңіп, биіктен көрінді!

Өкінішке орай, тағы бір маңғыстаулық спортшы жүлделі үштікке кірмеген Райым Өтелбектің жолы болмады. Бірақ біз жас спортшының талай үлкен жеңістері болатындығына сенімдіміз. Өйткені алда әлі де көптеген жарыстар бар. Олардың бірі жақында Иранда өтетін Каспийманы мемлекеттерінің Кубогі.

**Есназар Сұлтанов**

МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНА 50 ЖЫЛ

# МҰНАЙЛЫ МАҢҒЫСТАУ: ҚҰРЫЛУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

## 50 жыл бұрын - 1961 жылдың 5 шілдесінде Маңғыстау мұнайының алғашқы бұрқағы атты

**1961**

1961 жылдың 5-шілдесінде Жетібай алаңындағы №6 ұңғыдан алғашқы мұнай бұрқағы атқылады.

Дәл осы жылы Маңғыстау түбегіндегі Өзен кенорнының №К-18 ұңғысынан газ бұрқағы алынды.

**1963**

Қарамандыбас мұнай кенорны ашылды. «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігі құрылды.

**1964**

720 километрге созылған Мақат-Маңғыстау темір жол желісі уақытша пайдалануға берілді. «Узень» мұнай кәсіпшілігі басқармасы ұйымдастырылды.

**1965**

«Мангышлакнефть» бірлестігі «Казахстаннефть» бірлестігі болып өзгертілді. Осы жылдың жазында тұтынушыларға алғашқы Маңғышлақ мұнайы жөнелтілді.

**1966**

Маңғыстау түбегінен жаңа мұнай кенорындарын ашқаны үшін ғалымдардың, инженерлердің, геологтардың, барлаушылардың бір тобына Лениндік сыйлықтың лауреаты деген жоғары атақ берілді.

«Жетыбайнефть» мұнай кәсіпшілік басқармасы құрылды.

10 қазанда 3 мың тонна мұнай құйылған танкер алғаш рет Волгоградқа бет түзеді.

**1967**

Қаңтарда Жетібай және Бектұрлы мұнай кенорындары өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Дүние жүзінде теңдесі жоқ Өзен-Гурьев-Куйбышев құрлықаралық «ыстық» мұнай құбырының құрылысы басталды.

**1968**

Маңғыстауда бірінші рет Жетібай кенорнында газлифтіні пайдалану тәсілі енгізілді, бірлестіктің басқа кенорнында ол одан әрі қарай дамытылды.

**1969**

Мұнай өндіру Жетібай кенорнында 1 миллион, Қазақстан бойынша 10 миллион тоннаға жеткізілді.

**1971**

Қазақ газ өңдеу зауытын /ҚазГӨЗ/ салуға шешім қабылданды. «Жетыбайнефть» МГӨБ өндіру 5 млн. тоннаға жеткізілді.

**1973**

Мамырда – Қарамандыбас, қазанда – Асар, Оңтүстік Жетібай мұнай кенорындары пайдалануға қосылды.

**1974**

Қазақстандағы бірінші газ өңдеу зауыты толықтай іске қосылды.

Бозашы түбегінде геолог барлаушылар Қаламқас және Қаражанбас мұнай кенорындарын ашты.

«Жетыбайнефть» МГӨБ кәсіпшіліктерін телемеханизациялау жүзеге асырылды.

**1977**

Сәуірде Шығыс Жетібай мұнай кенорны пайдалануға қосылды.

**1979**

«Комсомольскнефть» мұнай газ өндіру басқармасы құрылды.

Тамыз-қыркүйекте Бозашы түбегінде Қаламқас және Қаражанбас мұнай кенорындары пайдалануға қосылды.

**1980**

Қаламқас кенорнында мұнайды полимерлік әдіспен өндіру тәжірибесі басталды.

**1981**

Оймашы мұнай кенорны пайдалануға берілді.

**1982**

«Жетыбайнефть» МГӨБ ұйымдасқаннан бері 40 миллион тонна мұнай өндірілді.

**1983**

Шығыс Жетібайда мұнай өндіру газлифт тәсіліне көшірілді, нәтижесінде кенорында мұнай өндіру екі есе өсті.

**1984**

Асар мұнай кенорнын пайдалану газлифт тәсіліне көшірілді.

**1988**

«Жетыбайнефть» МГӨБ басқармасы ұйымдасқаннан бері 50 миллион тонна мұнай өндірді.

**1992**

«Мангышлакнефть» бірлестігі «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі болып өзгертілді.

**1994**

«Маңғыстаумұнайгаздан» «Өзенмұнайгаз» өндірістік бірлестігі бөлініп шықты.

**1995**

«Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі ашық акционерлік қоғам болып құрылды.

**1996**

18 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Ақтауда «Маңғыстаумұнайгаздың» алдағы мақсаттары мен Қазақстан мұнай өнеркәсібінің дамуы туралы сөз сөйледі.

**1997**

Халықаралық тендерде жеңіп шыққан «Central Asia Petroleum LTD» компаниясы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы акцияларының 60 пайызына ие болды.

**1999**

Қаламқаста барлық қолайлы жағдайлар көзделген мұнайшылар қалашығын салу негізінен аяқталды.

**2001**

Асарда 144 орындық екі жатақханасы, 80 орындық асханасы бар еуропалық үлгідегі тұрғын кешен салынып, пайдалануға берілді.

**2003**

Қабат мұнай көздерін үлкен қысыммен сұйықтық айдап ашу тәсілі Қаламқас кенорнында да қолданыла бастады.

**2009**

Қарашада «Қазмұнайгаз» АҚ ҰК және Қытай Ұлттық Республикасының «СНПС» компанияларының тең 50 пайыз үлес меншігіндегі «Маңғыстау Инвестментс Б.В» компаниясы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ акционері болды.



Маңғыстау байлығын алғаш ашып, игерушілер



Мақат - Маңғыстау темір жолын салу. XX ғасырдың 60-шы жылдарының басы



Нәрен Орынбайұлы Имашев, Халел Жағыпарұлы Өзбекғалиев және Валентин Петрович Токарев (солдан оңға қарай), 1966 жыл.




Бетті дайындаған:
Е. Сұлтанов,
М. Абдуллаева,
А. Ақшаева

P. S.
Ұсынған материалдары үшін Маңғыстау облысының мұрағаттар мен құжаттама басқармасы «Маңғыстау облысының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесіне алғысымызды білдіреміз.

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 60 жас

Салахов Фанис Шарафиевич, 14.07.1951г. СБ Сторож
Карамурзиев Баязи, 25.07.1951 ж. «ЖМГ» ӨБ МГӨЦ-1 мұнай және газ өндіру операторы
Қондыбаев Владимир Демешұлы, 29.07.1951 ж. ҚҚД ғимараттарды жөндеу және кешенді қызмет көрсету қызметшісі

## 55 жас

Қадырғожаева Разия Қойбағарқызы, 19.07.1956 ж. «ҚМГ» ӨБ ТҮПЦ үй күтушісі

## 50 жас

Жумалиев Хабдулхафур Аккалуевич, 02.07.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ ҚҚҰЦ қабат қысымын ұстау операторы
Кенжебекова Әсем Әліпбайқызы, 10.07.1961 ж. «ЖМГ» ӨБ ОИТҚ ауысым инженері
Жұмажанов Нұрсұлтан Тәжіғараұлы, 11.07.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ ЖСҚКУ сорапты қондырғы машинисі
Бекбалаева Күнсұлу Қайырғалиқызы, 13.07.1961 ж. ӨД көмекші жұмысшы
Оңғабаев Серікбай Базарбайұлы, 21.07.1961 ж. ҚД көлік жүргізушісі
Қожаев Жұлдызбай Шыңғысұлы, 22.07.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ ҒЗӨЖЦ лаборатория бастығы
Мунишев Дәулетмұрат Қоймұратұлы, 24.07.1961 ж. САжМТЖД кран машинисі

# БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

| | | |
|---|---|---|
| Предмет договора | – | Шарттың мәні |
| Права и обязанности сторон | – | Тараптардың құқықтары мен міндеттері |
| Исполнитель обязан | – | Орындаушы міндетті |
| Исполнитель вправе | – | Орындаушы құқылы |
| Заказчик обязан | – | Тапсырыс беруші міндетті |
| Заказчик вправе | – | Тапсырыс беруші құқылы |
| Стоимость услуг и порядок расчетов | – | Қызметтердің құны және есеп айырысу тәртібі |
| Порядок сдачи-приемки оказанных услуг | – | Көрсетілген қызметтерді табыстау - қабылдау тәртібі |
| Гарантия качества выполненных работ | – | Орындалған жұмыстар сапасының кепілдігі |
| Ответственность сторон | – | Тараптардың жауапкершілігі |
| Обстоятельства непреодолимой силы | – | Дүлей күш жағдайлары |
| Срок действия и порядок расторжения договора | – | Шарттың әрекет ету мерзімі және бұзу тәртібі |
| Порядок разрешения споров | – | Дауларды шешу тәртібі |
| Конфиденциальность | – | Құпиялылық |
| Заключительные положения | – | Қорытынды жағдайлар |
| Юридические адреса сторон и реквизиты | – | Тараптардың заңды мекенжайлары және деректемелері |
| Заказчик | – | Тапсырыс беруші |
| Исполнитель | – | Орындаушы |
| Стороны | – | Тараптар |
| Заявка | – | Тапсырыс |
| Приложение | – | Қосымша |






Қанатов.Қ.М.,
«ОТК» ЖШС жүргізушісі



*Отаным бағы асқан, рухы биікте,*
*Көп ұлтпен жарасқан, ұраны бірлікте.*
*Бейбіттің діңгегі, еліміз әлемді,*
*Желбіреп көк туы, шақырған бейбітке.*

*Киелі қастерлі, кең байтақ далам бар,*
*Жебеп батыр би, бабалар жатырған.*
*Тәуелсіз күн көксеп, өткен ай замандар,*
*Тәуелсіз күн туды, ұрпағың атырған.*

***Қайырмасы***
*Тәуелсіздікпен таң атты,*
*Туған жерге нұр шуақты.*
*Бақытты елім аңсаған,*
*Тұғырың биік тұрақты.*

*Халқымыз шаттық үнімен,*
*Мөлдірейді ашық аспаның.*
*Тәуелсіз болған күніңмен,*
*Тәуелсіз Қазақстаным.*

*Мың өліп тарихпен, отқа да жанынпыз,*
*Таптальп жер менен, қан да боп ағыппыз.*
*Ғасырлап айқастан, азаттық алған ел,*
*Біз қазақ осындай қаһарман халықпыз.*

*Қадамы сеніммен, ертеңге жол ашқан,*
*Өн ұран көгімнен, көңілге нұр шашқан.*
*Ел таңба, ту тіккен, болашағың жарқын,*
*Егемен күн бүгін,беу қазақ халқым.*

***Қайырмасы***



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева, М.Абдуллаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 211-734

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілін, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 1500

"Маңғыстау-Полиграф" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 605299 Тапсырыс: 736